

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай балабақшасы
2018-2019 оқу жылы**

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР бойынша бірінші кіші тобының
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Алғабас ауылы

Бекітемін
Балабақша директоры:
Р.Игенбекова
31-Тамыз 2018ж



***Мектепке дейінгі 2018-2019 оқу жылының т«Күншуақ» бірінші кіші (2 -3жас аралығындағы) жас тобына жасалған
перспективалық жоспар***

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге алып құрылды.

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелген.)

Мақсаты: 2-3 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту негізінде олардың ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуын, денсаулығын нығайту, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- әдептілік ережелерімен (саламатсызба, сау болыңыз) таныстыру, топ тәрбиешілерінің аттарын атауды үйрету (апай) ;
- қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;
- сурет салуға қызығушылықтарын туғызу;
- музыкалық ырғақты қимылдарға қызығушылықтарын қалыптастыру;

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша мақсаты: Денсаулықты сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың толыққанды денесін және психикасын дамытатын, ағзаны шынықтыратын, негізгі қимылдарды дамытатын жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.

«Қатынас» білім беру саласының мақсаты: Әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.

«Таным» білім беру саласының мақсаты: Табиғат құбылыстары, адамдардың өмірі туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға арналған жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.

«Шығармашылық» білім беру саласының мақсаты: Балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
2018 жыл қыркүйек айы
Өтпелі тақырып «Балабақша»

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Менің балабақшам 03.09-07. 09.2018 ж 1-апта	Дене шынықтыру (ҮК) 1.Мақсаты: Бірінің артынан бірі сапқа тұрып, шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. қолдарын созып, арақашықтықты сақтауды біледі. 2. Мақсаты: (БК) Мақсаты: Бірінің артынан бірі сапқа тұрып, шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. қолдарын созып, арақашықтықты сақтауды білед	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің топ» Мақсаты: Балаларды балабақшаның топ бқлмесімен таныстыру Дидактикалық ойын: «Топқа саяхат»	Сенсорика Тақырыбы: «Балабақшаға баратын жол» Мақсаты: балаларға жолды жасау үшін, берілген түстерден 4 түсті: қызыл, көк түсті таба алады Жаратылыстану Тақырыбы: «Топтағы гүлдер» Мақсаты: Балалар гүлдер туралы түсініп, гүлдерге қамқорлық жасауды біледі.	Музыка Маман жоспары бойынша Сурет салу Тақырыбы: Әдемі бояулар. Мақсаты: Балалар доп туралы түсіне бере отырып,дайын дөңгелек пішінді дұрыс бояуды үйренеді.
Менің достарым 2-апта 10.09- 14.09.2018 ж	Дене шынықтыру (БК) 1. Мақсаты: Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұруды біледі. 2. Мақсаты: (ҮК) Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүруді үйренеді. 3. Мақсаты: (БК) Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүруді үйренеді..	Көркем әдебиет Тақырыбы: Тазалық-таза баланың досы. Мақсаты: Тазалық бұйымдарымен танысады; сүлгі,сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра біледі.	Құрастыру Тақырыбы: Досымның үйі Мақсаты: Балалардың құрлыс материалдарымен жұмыс жасау дағдылары дамиды. Үйдің орналасу тәртібі бойынша дұрыс жұмыс жасай отырып, үйдің құрысын атап айта алады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің қанатты достарым» Мақсаты: балалар балабақша ауласындағы құстармен танысып, аттарын атай алады.	Музыка Маман жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: «Досыма арналған моншақ» Мақсаты: Алақанға салып тік және дөңгелек етіп есуді, моншақтың мүсінін жасауды біледі. Сурет салу Тақырыбы: Балабақшаға барар жол Мақсаты: Дөңгелек , сопақша пішінді заттардың суретін салуды үйренеді.

			(торғай, қарға, шымшық, көгершін)	
Менің сүйікті ойыншықтарым 17.09-21.09.2018ж 3-апта	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: (ҮК) Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүруді, екі сызықтың арасынан жүру, тепе-теңдікті сақтауға дағдыланады. 2.Мақсаты:(БК) Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүруді, екі сызықтың арасынан жүру, тепе-теңдікті сақтауға дағдыланады. Мақсаты: (ҮК) Шеңбер бойымен жүру. Төңкеріліп қойылған жәшікке (биіктігі 10 см) көтеріліп, ересектердің көмегімен оған түсу дағдыларын біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ойыншықтар достығы. Мақсаты:Ойыншықтар және олардың достығы туралы қысқа әңгіме құрастыруға үйренеді. жалғастыру.	Сенсорика Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым Мақсаты: Балалар геометриялық пішіндер туралы түсіне отырып,, олардан әртүрлі құрастыру жасауды үйренеді. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым» Мақсаты: Балаларға ойыншықтар туралы түсінеді. -Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір - бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата біледі.	Сурет салу Тақырыбы:Досыма сыйлық Мақсаты:Дөңгелек , сопақша пішінді заттардың суретін салуды үйренеді. Музыка Маман жоспары бойынша Музыка Маман жоспары бойынша
Жиһаздар 24.09-28.09.2018ж 4-апта	Дене шынықтыру Мақсаты:(БК) Шеңбер бойымен жүру. Төңкеріліп қойылған жәшікке (биіктігі 10 см) көтеріліп, ересектердің көмегімен одан түсу дағдыларын біледі. 2. Мақсаты:(ҮК) Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра біледі. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасауды үйренеді. 3. Мақсаты:(БК) Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра біледі. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасауды үйренеді.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Үй жиһаздары. Мақсаты: Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс атай алады.	Құрастыру Тақырыбы: Қуыршаққа арналған кровать. Мақсаты: Құрылыс материалдарын пайдалана отырып, ойыншықтың көлеміне сай кровать жасауды көрсету арқылы түсініп жасай алады. Кроваттың бөліктерін дұрыс орналастыруды біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Жиһаздар Мақсаты: Жиһаздар туралы түсініп, өз ойын педагогтың көмегімен айта алады.	Сурет салу Тақырыбы: Теледидар Мақсаты: Балалар теледидар туралы түсінеді, трафареттің көмегімен суретті салып, бояуды біледі. Музыка Маман жоспары бойынша Жапсыру Тақырыбы: Үстел Мақсаты: Балалар үстел туралы түіне отырып, оның бөліктерін дұрыс жапсыра алады.

Қазан айы
Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ОТБАСЫМ»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
«Менің отбасым Ата-аналар еңбегі» 01.10- 05.10.2018 1-апта	Дене шынықтыру (ҮК) Мақсаты: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіруді, себеттен екі жалаушадан алып, қолдарын созып, арақашықтықты сақтап тұрады. Мақсаты: (БК) Бірінің артынан бірі сапқа тұру. шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіруді, себеттен екі жалаушадан алып, қолдарын созып, арақашықтықты сақтап тұрады. Мақсаты: (ҮК) Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұруды біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы туралы түсінеді және отбасы мүшелері туралы ойын анық жеткізіп, әңгімелей біледі.	Сенсорика Тақырыбы: Жемістерді жинаймыз Мақсаты: Балалар жемістер туралы түсіне отырып, жемістердің пішінін, түсін және қасиетін айта білуді үйренеді. Жаратылыстану Тақырыбы: Күзгі еңбек. Мақсаты: Балалар күзгі еңбек туралы түсініп,үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауды біледі.	Сурет салу Тақырыбы: Менің үйім Мақсаты: Балалар үй тұрғызу және үйдің құрлысы туралы түсінеді. Үйдің сурет салуға қызығушылық танытып, қағаз бетіне түсіре алады. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Менің көшем 08.10- 12.10.2018 2-апта	Дене шынықтыру Мақсаты: (БК) Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз	Көркем әдебиет Тақырыбы: Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай. Мақсаты: Өлеңді түсініп, есте сақтап, мағынасын түсінеді. Өлең	Құрастыру Тақырыбы: Біздің көшедегі екі қабатты үй. Мақсаты: Балалардың үйлер туралы түсініктері дамиды. Үлкен құрлыс	Сурет салу Сурет.Трафаретпен жұмыс Тақырыбы: «Көше шамдары» Мақсаты: Балалар көше шамдарының не үшін керек екенін түсінеді. Дәстүрден тыс суретсалудың трафарет әдісімен

	орындарына тұруды біледі. 2. Мақсаты: (ҮК) Шеңбер бойымен жүруге, белгіні дұрыс түсіне білуге, жіппен жасалатын даму жаттығуын дұрыс орындауды біледі. . Керілген жіптің астынан еңбектеп өте алады. 3. Мақсаты: (БК) Шеңбер бойымен жүруге, белгіні дұрыс түсіне білуге, жіппен жасалатын даму жаттығуын дұрыс орындауды біледі. . Керілген жіптің астынан еңбектеп өте алады.	жолдарының бір шумағын жаттай алады..	жұмыстарын жасау қабілеттерін арттады. . Жаратылыстану Тақырыбы: Көшедегі күзгі ағаштар. Мақсаты: Балалар күз мезгілі туралы түсінеді. Күз мезгіліндегі ағаштардың қасиеті туралы айта алады.	сурет салуды үйренеді. Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: Анамның қолшатыры Мақсаты: Балалар қолшатыр не үшін қажет екенін түсіне отырып, ермексаздан қолшатырды мүсіндеуді үйренеді.
Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік 15.10-19.10.2018ж 3- апта	Дене шынықтыру Мақсаты: (ҮК) Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүрді үйренеді. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттады.. Мақсаты: (БК) Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүрді үйренеді. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттады.. 3. Мақсаты: (ҮК) Екі жіп арасынан түзу жүруге үйренеді. Тепе-теңдікті сақтай алады.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен тәртіпті баламын» (өлең) Өтебай Тұрманжанов Мақсаты: Балалар өлеңнің мазмұнын тыңдап, тәрбиеші айтқан дыбыстарды анық айта алады.	Сенсорика Тақырыбы: ұзын, қысқа. Мақсаты: «ұзын», «қысқа» ұғымдарымен танысады, Беттестіру /бетіне қою/ әдісі арқылы ұзындықты салыстыруға, сондай-ақ заттармен тәжірибелік әрекет барысында ұзындық туралы білімдерін қолдана білуге үйренеді. Жаратылыстану Тақырыбы: «Абайла, балақай!» Мақсаты: балалар көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм көре отырып, ережені түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын, қысқа жолдар» Мақсаты: Оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру арқылы, қарындашпен жұмыс істеу дағдылары дамиды. Музыка Педагог жоспары бойынша
Алтын күз 22.10-26.10.2018 ж 4-апта	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: (БК) Екі жіп арасынан түзу жүруге үйренеді. Тепе-теңдікті сақтай алады. 2.Денешынықтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Алтын күз Мақсаты:Күз туралы түсінеді. Күз туралы тақпақтар айта отырып сөйлеу тілдері дамиды.	Құрастыру. Тақырыбы : Кірпіге алма сыйлаймыз. Мақсаты: Балалар кірпі туралы түсіне отырып, алма құрастырып үйренеді.	Сурет салу Тақырыбы: Жау-жау , жаңбыр (дайын үлгідегі бұлттың астына) Мақсаты: Тік сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге үйренеді.

	1.МАқсаты: (ҮК) Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіруді, еденде жатқан лентадан аттап өтуді үйренеді. 3.Денешынықтыру МАқсаты: (БК) Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіруді, еденде жатқан лентадан аттап өтуді үйренеді.		Жаратылыстану Тақырыбы: Жемістер мен көкөністер Мақсаты. Балаларға жемістер-дің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, баланың тілін дамыту	Музыка Педагог жоспары бойынша Жапсыру Тақырыбы: Күзгі бұлт" Мақсаты: Балаларға бұлт оның қасиеті туралы түсінеді. Қиылған бұлттарды жоғары төмен жапсыра біледі.
--	--	--	---	---

Қараша айы

Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлықа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Өзім туралы 29.10- 02.11.2018 1-апта	Дене шынықтыру Мақсаты: (ҮК) Қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жай жүгіруді, тоқтап қайта жүгіруді, допты мақсатты домалатуға үйренеді. Жалпы дамыту жаттығуларын, негізгі қимыл түрлерін түсінеді. 2. Мақсаты: (БК) Қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жай жүгіруді, тоқтап қайта жүгіруді, допты мақсатты домалатуға үйренеді. Жалпы дамыту жаттығуларын, негізгі қимыл түрлерін түсінеді. 3. Мақсаты: (ҮК) Сапта бір-берлеп, заттар арасымен жүруге, жүгіруге үйренеді. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсінеді.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мен кіммін? Мақсаты: Өзі туралы қарапайым түсініктерді біледі; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген ұғымды біледі.	Сенсорика Тақырыбы: «Мен сияқты жаса» Мақсаты: 3 түсті, көлемі әр түрлі текшелерден пирамида құрастыра алады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен өзім туралы не білемін?» Мақсаты: Балалар адамның дене мүшелерін атай алады. (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар).	Сурет салу Тақырыбы: «Менің моншақтарым» Мақсаты: Сызықтар жүргізу арқылы дөңгелектерді бір-біріне қосуды біледі.. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Дұрыс тамақтану Дәрумендер	Дене шынықтыру Мақсаты: (БК) Сапта бір-берлеп, заттар арасымен жүруге, жүгіруге үйренеді. Ойын ережесін ойын	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер жыры» (өлең) Рза Қунақова Мақсаты: Өлеңді тыңдай	Құрастыру Тақырыбы: «Жемістер натюрморты» Мақсаты:Балалар натюрморт туралы түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: Дәмді алмалар Мақсаты:Трафареттің көмегімен алманы парак бетіне дұрыс түсіре алады. Музыка

05.11-09.11.2018ж 2-апта	барысында сақтау қажеттігін түсінеді. 2. Мақсаты: (ҮК) Сапта екуден қол ұстасып жүру, бытырай жүгіруге және шеңберден шеңберге аттауға үйренеді. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауды, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамытуды түсінеді. 2. Мақсаты: (БК) Сапта екуден қол ұстасып жүру, бытырай жүгіруге және шеңберден шеңберге аттауға үйренеді. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауды, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамытуды түсінеді.	білуге, қайталап айтуды біледі. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қоры дамиды.	Қиынды суреттерден өздеріне таныс жемістер натюрмортын құрастыра алады. Жаратылыстану Тақырыбы: Дәрумендер әлеміне саяхат Мақсаты: Балалар жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсінеді.	Педагог жоспары бойынша Жапсыру Тақырыбы: «Ыдыстағы көкөніс» Мақсаты: Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра біледі.
Өзіңе және өзгелерге көмектес 12.11-16.11.2018ж 3- апта	Дене шынықтыру 1.Мақсаты : (ҮК) Кегельдер арасымен допты көтеріп жүруді, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді біледі. 2. Мақсаты : (БК) Кегельдер арасымен допты көтеріп жүруді, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді біледі. 3. Мақсаты: (ҮК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап лақтыруды біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты шомылдырайық » Мақсаты: Балалар қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйренеді.	Сенсорика Тақырыбы: Күшікке көмек Мақсаты: Пішіндерді пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды үйренеді. Пішіндерді және түстерін атай біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: «Өсімдіктерге күтім жасау» Мақсаты: Өсімдіктерге күтім жасауды, тәрбиешінің суару тәсіліне назар аудара отырып, күтім жасауды түсінеі.	Сурет салу Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты: Фломастер, қағазбен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады., қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйренеді. Музыка Педагог жоспары бойынша
Біз күштіміз, ептіміз	Дене шынықтыру 3. Мақсаты: (БК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Саусақ театры арқылы	Құрастыру Тақырыбы: «Үй саламыз» Мақсаты: Балалар құрылыс блоктарымен үй жасауды	Сурет салу Тақырыбы. «Еңбек құралдары» Мақсаты: Балалар еңбек құралдары туралы түсіне отырып, топқа бөлу арқылы

19.11- 23.11.2018ж 4-апта	лақтыруды біледі. 2. Мақсаты: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстінде түзу жүру , қолын белге ұстап жүруді біледі. Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып сала алады. 3. Мақсаты: (Б К) Гимнастикалық орындық үстінде түзу жүру , қолын белге ұстап жүруді біледі. Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып сала алады.	сахналау. Мақсаты: Балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын саусақ театры арқылы көрсетуді үйренеді.	біледі. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажыра алады. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғаттағы еңбек» Мақсаты: Ауладағы ересектердің еңбегін бағалауды үйренеді. (Суреттер арқылы)	трафарет көмегімен еңбек құралдарын қағаз бетіне түсіре алады Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: «Футбол добы» Мақсаты: Ермексазды домалақтау әдісі арқылы доп жасауды біледі.
Мен және қоршаған орта 26.11- 30.11.2018ж 5- апта	Дене шынықтыру 1.Мақсаты : (ҮК) Кегельдер арасымен қос аяқтап секіріп жүреді. Бір-бірінің артынан тізбектеліп жүру. 2. Мақсаты : (БК) Кедергілерден аттап өтіп, межеге жету. Бойынан асыра допты лақтыру. 3. Мақсаты: (ҮК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап лақтыруды біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ормандағы достарға қонаққа барамыз» Мақсаты: Орманда өмір сүретін аңдарды біледі. Тіршілігімен таныс болады.	Сенсорика Тақырыбы: Түрлі-түсті жалаушалар Мақсаты: Түрлі түсті жалаушаларды пайдалана отырып, түстерді үйлестіруге үйрету. Пішіндерді және түстерін атай біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аула сыпырушының еңбегін бақылау» Мақсаты: Ересектердің еңбегін құрметтеуге үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Жапырақтар түсуде» Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыр Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

Желтоқсан айы
Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
«Жайнай бер Қазақстаным» 03.12- 07.12.2018ж 1-апта <i>(1-желтоқсан мерекесі сенбі күнге түсуіне байланысты 3-желтоқсан демалыс күні)</i>	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: (ҮК) Бағытты өзгерте отыра жүру, әр түрлі бағытта жүгіру, жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру дағдыларын меңгереді. 2. Мақсаты: (БК) Бағытты өзгерте отыра жүру, әр түрлі бағытта жүгіру, жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру дағдыларын меңгереді. 3. Мақсаты: (ҮК) Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді, арқанның астымен еңбектеп өтуді үйренеді	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің Отаным» Мақсаты: Балалар туған жер, Отан туралы түсінеді. . Өз Отанын сүюді үйренеді.	Сенсорика Тақырыбы: Байтерек Мақсаты: Қиылған суреттерді құрастыруды біледі. Шыққан бейненің атауын айта алады. Жаратылыстану Тақырыбы: Туған өлке Мақсаты: Туған өлке туралы түсіне отырып, туған жерді құрметтеу ұғымын түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: Әдемі жалаушалар Мақсаты: Әр түрлі жалаушалардың қолдану қасиеттері туралы түсінеді.. Төрт бұрыш пішінді,ұзын таяқшаға бекіту әдісі арқылы қағаз бетіне жалаушаны ұқыпты салуды біледі. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
«Туған өлкем» 10.12- 14.12.2018ж 2-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Мақсаты: (БК) Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді, арқанның астымен еңбектеп өтуді үйренеді 2.Мақсаты: (ҮК) Шағын топқа бөлініп жүгіруі, Гимнастикалық орындық үстімен	Көркем әдебиет Тақырыбы: Біз бақытты баламыз Мақсаты: «Бақыт», «қуаныш», «сүйіспеншілік» құндылықтарының мағынасын түсінеді..	Құрастыру Тақырыбы: Достық үйі Мақсаты: Конструктор дан ғимарат құрастыра отырып, бөлшектерді ұқыпты құрастыру дағдыларыдамиы. Жаратылыстану Тақырыбы:. Туған жердің табиғаты	Сурет Тақырыбы: Мерекелік шарлар Мақсаты: Балалар тәуелсіздік туралы түсіне отырып, мерекеге арналған шарлар сала алады. Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: Автобус

	тепе-теңдік сақтап жүруді, Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыруды біледі. 3. Мақсаты: (БК) Шағын топқа бөлініп жүгіруі, Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүруді, Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыруды біледі.		Мақсаты: Туған жердің табиғаты туралы түсіне отырып, тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуді үйренеді	Мақсаты: Балалар көлік туралы түсінеді. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, автобустың мүсінін жасай алады.
«Астана- Отанымыз -дың жүрегі» 17.12- 21.12.2018ж 3-апта (17-18 желтоқсан мерекелік демалыс)	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: (ҮК) Кеглилер арасымен допты көтеріп жүруді, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді біледі. 2.Мақсаты: (БК) Кеглилер арасымен допты көтеріп жүруді, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді біледі. 3.Мақсаты: (ҮК) Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүруді, доға астынан допты домалатып өтуді біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің Қазақстаным Мақсаты: Балалар Отан,Тәуелсіз Қазақстанымыз жайлы мәліметті түсінеді. Отанын,елін шексіз сүйуге, еліміздің рәміздерін құрметтеуді үйренеді.	Сенсорика Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Балалар пирамида туралы түсінік отырып, түстері бойынша пирамида құрастыруды біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: «Астана-бас қалам» Мақсаты: Астана туралы білімдері қалып, өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауды түсінеді.	Сурет салу Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Балалар пирамида туралы түсіне отырып, трафарет арқылы сурет сала алады. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
«Шыршаны сәңдейміз» 24.12-28.12.2018ж 4-апта	Дене шынықтыру 1. Мақсаты: (БК) Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүруді, доға астынан допты домалатып өтуді біледі. 2.Мақсаты: (ҮК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді,допты қос қолдап лақтыруды үйренеді. 3. Мақсаты: (БК) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап лақтыруды үйренеді.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Туған өлке» Ө.Тұрманжановтың Мақсаты. Өлеңді зейін қойып тыңдауды үйренеді.. Өлең жолдарының мағынасын түсініп, қайталай алады..	Құрастыру Тақырыбы: «Үй және қақпа» Мақсаты: Балалар құрылыс блоктарымен үй жасауды біледі. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажыра алады. Жаратылыстану Тақырыбы: БіздіңРәміздер Мақсаты: Мемлекеттік рәміздер туралы түсіне отырып, берілген сұрақты тыңдау және оған жауап беруді үйренеді.	Сурет салу Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдық жұмыс) Мақсаты: Алақанмен сурет салу қабілеттері дамиды.. Күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуды үйренеді. Күн шуағын әсем бейнелей отырып, табиғатты аялауға үйренеді. Музыка Педагог жоспары бойынша Жапсыру. Тақырыбы: Әдемі жалаушалар Мақсаты: Жалаушалардың қолдану қасиеттері туралы түсінеді. Мерекелерде

				сәндеу жұмыстарында қолданылатын жалаушаларды көрсете отырып, қиылған дайын жалаушаны қағаз бетіне ұқыпты жапсыруды біледі.
--	--	--	--	---

Қаңтар айы

Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»

Мақсаты: Балалардың тірі, өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың өсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;
- қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;
- эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Айналамызд ағы өсімдіктер 30.12- 04.01.2019 ж 1-апта (1,2 қаңтар жаңа жылдық демалыс)	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: (ҮК) Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеуді, жиектері шектелген тура жолақпен жүруді біледі. 2.Мақсаты: (БК) Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеуді, жиектері шектелген тура жолақпен жүруді біледі. 3. Мақсаты: (ҮК) Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіруді, доға астынан нысанаға дейін еңбектеуді біледі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қыс» Мақсаты: Балалар қыс мезгілі туралы түсінеді, қыс мезгілінің ерекшеліктерін біледі.	Сенсорика Тақырыбы: Үлкен-кіші шыршалар. Мақсаты: Шыршаларды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қар қасиетімен танысу» Мақсаты: Қардың бақылау, қардың қасиетін, қыс мезгіліндегі қардың пайдасын біледі.	Сурет салу Тақырыбы. «Қысқы ағаштар келбеті» Мақсаты: Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныса отырып, қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіруді біледі. Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: Балалар шыршаны мүсіндеудің әдісін үйрене отырып, шыршаны үлгі бойынша мүсіндей алады.
Жануарлар әлемі 07.01- 11.01.2019ж 2-апта	Дене шынықтыру 1. Мақсаты: (БК) Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіруді, доға астынан нысанаға дейін еңбектеуді біледі. 2.Мақсаты: (ҮК) Шеңбер бойымен қолдарымен	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі) Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінеді және кейіпкерлерді атай біледі.	Құрастыру Тақырыбы: «Күшік» Мақсаты: Дьенеш блоктары арқылы конструкторлардан күшік бейнесін құрастыра алады. Жаратылыстану	Сурет салу Тақырыбы: Қардағы іздер Мақсаты: Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруді біледі. Музыка Педагог жоспары бойынша

(7-қаңтар мерекелік демалыс)	әртүрлі қалыптар жасап жүруді, доптарды бір-біріне домалатуды біледі. 3.Мақсаты: (БК) Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасап жүруді, доптарды бір-біріне домалатуды біледі.		Тақырыбы: «Үй жануарлары және оның төлдері» Мақсаты: Үй жануарлары мен оның төлдерін біледі, оларды атай алады.	
Құстар-біздің досымыз 14.01-18.01.2019ж 3- апта	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: (ҮК) Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүруді, 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өтуді үйренеді. 2.Мақсаты: (БК) Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүруді, 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өтуді біледі. 3. Мақсаты: (ҮК) Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде). допты екі қолмен төменнен лақтыру дағдыларын меңгереді	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Құстар біздің досымыз Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініктерді меңгере отырып, құстарға қамқорлық жасауды түсінеді.	Сенсорика Тақырыбы: «Тауық және оның балапандары» Мақсаты: Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуді түсінеді. Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Құстарды ажыратып, атай біледі. (Торғай, қарға, көгершін)	Сурет салу Тақырыбы: «Суық торғай» Мақсаты: Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіне отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты түсіре біледі. Музыка Педагог жоспары бойынша Жапсыру Тақырыбы: «Балапан» Мақсаты:Балалар балапанның түсін, дене құрлысын түсінеді. Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра біледі..
Ғажайып қыс 21.01-25.01.2019ж 4-апта	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: (Б.К) Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде). допты екі қолмен төменнен лақтыру дағдыларын меңгереді 2. Мақсаты: (Ү.К) Белгі бойынша шашырап жүгіру, арқанның астымен еңбектеу дағдыларын меңгереді. 3. Мақсаты: (Б.К) Белгі бойынша шашырап жүгіру, арқанның астымен еңбектеу дағдыларын меңгереді.	Көркем әдебиет Тақырыбы: « Сырғанақ» Мақсаты:Балалар қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен танысады. Өлең жолдарындағы қандай ойын түрі суреттелгенін айта алады.	Құрастыру Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары» Мақсаты:Балалар қиылған қағаз бөліктерінен шыршалар құрастыруды біледі. Төменнен жоғары қарай құрастыра отырып, жуан-жіңішке ұғымдарын үйренеді. Жаратылыстану Тақырыбы: Қысқы ойындар Мақсаты: Балалар қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қысқы ойын түрлерін атай алады.	Сурет салу Тақырыбы: Жапалақтап қар жауды Мақсаты: Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуды үйренеді. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка педого жоспары бойынша

Ақпан айы
Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»

